

Жаңа Жолдау – жарқын болашақ бағдары



Күні кеше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын жариялап, елімізді одан әрі дамыту стратегиясымен таныстырды. Президент білімнің қолжетімді әрі сапалы болуын қамтамасыз етудің маңыздылығы мен денсаулық сақтау саласын дамыту жайында айта келіп, отбасылық-демографиялық жағдайына және балалардың құқығы мен қауіпсіздігіне алаңдаушылық білдірді.

Өз басым білім саласының өкілі ретінде Президенттің сапалы білім мен ғылымды дамыту бағытындағы нақты жоспарларына ерекше назар аудардым. Әсіресе қазіргі коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшіп, қос тарапқа да жаңа тәжірбие болғанын атап өтті. Яғни білім беру мен игерудің тәсілі мен мазмұны түбегейлі өзгеруде. Сондықтан оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет болып отыр. Талапкерлермен тікелей жұмыс жасайтын барлық педагог сапалы білім беруде мұның маңызы зор екендігін растайды. Сонымен қатар білім беру саласы қызметкерлерінің еңбегін айрықша бағалап, 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға көбейту жөнінде қабылдаған шешімі барлық оқытушылар қауымына жаңа ынта-жігер сыйлады. Ол үшін алдағы үш жылда қосымша 1,2 триллион теңге бөлінетінін жеткізді.

Сонымен қатар ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

Үкіметке «Жас ғалым» жобасы аясында 1000 грант бөлу жөнінде тапсырма жүктеді. Халықаралық тәжірибеге арқа сүйей отырып, жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылым-дамадан өтуін қамтамасыз етудің маңыздылығына тоқталды.

Менің пікірімше, жас ғалымдарды қолдау арқылы тың жаңалықтардың ашылуына мүмкіндік туындамақ. Әсіресе ғылымның әлеуетін ұлттық деңгейде пайдалану қажеттігін айтқан Мемлекет басшысының сөзі жастардың ғылым мен білімге бет бұруына сеп болмақ. Нақты ойды қорыта келсек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының барлық салаларын қамтып, игі өзгерістерді жүзеге асыру сіз бен біздің қолымызда екенін баса айтты. Ендеше әрбіріміз ел өркендеуі жолында күш-жігерімізді жұмсап, өзіндік үлес қосуға атсалысайық дегім келеді.

М.ИСМАЙЛОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжі директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.